

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 2 өкіміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 12 Өкімі

1. Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономика министрліктері басшыларының тұрақты кеңестерін өткізу туралы" № 2 өкімі мынадай мазмұндағы 1¹-тармақпен толықтырылсын:

"1¹. Осы Өкімнің 1-тармағында көрсетілген кеңеске Еуразиялық экономикалық одақта төрағалық ететін мүше мемлекет бастамашы болады, қажет болуына қарай Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп ұйымдастырылады және өткізіледі, кеңестің күн тәртібінің жобасы мүше мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының ұсыныстары негізінде қалыптастырылады деп белгіленсін."

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан